

"Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың ресімдік стандарттарын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ нормативтік қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 2024 жылғы 15 мамырдағы № 9-НҚ нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2024 жылғы 20 мамырда № 34388 болып тіркелді

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың ресімдік стандарттарын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ нормативтік қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13647 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың ресімдік стандартында:

**3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:**

"3. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарының сақталуын бақылау шенберінде мемлекеттік аудит нәтижелерін жоспарлы тәртіппен тануды облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларында, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінде Жоғары аудиторлық палатаның мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады.".

2. Жоғары аудиторлық палатаның Заң департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы нормативтік қаулының Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы нормативтік қаулының Жоғары аудиторлық палатаның интернет-ресурсына орналастырулын қамтамасыз етсін.

3. Осы нормативтік қаулының орындалуын бақылау Жоғары аудиторлық палатаның аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы нормативтік қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК